

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана Медицина университеті» КеАҚ «Денсаулық сақтау» саласы бойынша ОӘБ Жоғары білім беру секциясы	Хаттама №8
---	--	------------

ХАТТАМА № 8

«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» САЛАСЫ БОЙЫНША ОӘБ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ СЕКЦИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

Астана қ.

19 қаңтар 2026 жыл

Отырыс форматы: онлайн

Басталу уақыты: 15:00

Қосылу сілтемесі:

<https://us06web.zoom.us/j/83904056557?pwd=VU5sVovqPn336CHladLG88uGVQ44Ar.1>

Төраға: Досанова А.К.

Хатшы: Шакеева А.Р.

Қатысқандар: тізім бойынша (қосымшада)

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қазақстан Республикасында медициналық кадрларды даярлау: қазіргі жағдайы және даму перспективалары.

Баяндамашы: Нуралиева Улмира Әуезханқызы, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті директорының орынбасары.

2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша медициналық кадрларды даярлаудың ұсынылған моделін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын талқылау.

Баяндамашылар:

- ҚазҰМУ академиялық блок жөніндегі проректоры Калмантаева Жанна Амантаевна;
- МУА академиялық жұмыс жөніндегі проректоры Досанова Әсем Қалеловна;
- ЮКМА академиялық жұмыс жөніндегі проректоры Анартаева Мария Ұласбековна;
- МУС академиялық және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Смаилова Жанаргүл Қайырғалиқызы;
- КМУ академиялық жұмыс жөніндегі проректоры Даулетқалиева Жания Абаевна;
- оқу және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Абенова Нұргүл Абдуллаевна.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ: ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті директорының орынбасары **Нуралиева У.А.**

Баяндаманың негізгі мазмұны:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі деңгейінде келісілген медициналық кадрларды даярлаудың жаңартылған моделі ұсынылды, оны **2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап енгізу жоспарлануда.**

Модель шеңберінде:

- кредиттік жүктемесі арттырылған алты жылдық базалық медициналық білімге көшу;
- 6-курста негізгі бағыттар бойынша **профильдік оқытуды енгізу;**
- **интернатураны жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейіне көшіру;**
- мамандықтар бойынша сараланған тәсілді ескере отырып, **резидентураның мерзімдері мен құрылымын қайта қарау;**

- білім беру бағдарламаларының академиялық күрделілік коэффициентін енгізу;
- қаржыландыру, тәлімгерлікке ақы төлеу және клиникалық базалар тетіктерін қайта қарау;
- кәсіби жауапкершілік, сақтандыру және тәлімгерлік мәселелерін жүйелеу;
- резидентураға қабылдауды цифрландыру және ЕПВО мен СУР жүйелерімен интеграциялау;
- нормативтік-құқықтық базаны (МЖМБС, үлгілік қағидалар, әдістемелер) өзектендіру көзделген.

ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫНДА медициналық жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың және кәсіби қауымдастықтардың өкілдері клиникалық даярлықтың сапасын сақтау, резидентура мерзімдерін оңтайландыру, профессор-оқытушылар құрамының ақпараттық жүйелерге қолжетімділігі мен сақтандыру мәселелері, қоғамдық денсаулық сақтау бағыттарын сақтау, сондай-ақ клиникалық базалармен өзара іс-қимылды жетілдіру қажеттігін атап өтті.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Баяндамашының ақпаратын назарға алу.
2. Ұсынылған медициналық кадрларды даярлау моделін одан әрі жетілдіру үшін **базалық модель** ретінде қабылдау.
3. Медициналық жоғары оқу орындарына:
 - білім беру бағдарламаларын қайта қарау бойынша жұмыс топтарын құру;
 - интернатура мен резидентураның құрылымы мен мерзімдері бойынша ұсыныстар енгізу;
 - академиялық күрделілік коэффициенті мен оқыту құнын есептеу жөнінде негізделген ұсыныстар дайындау ұсынылсын.
4. Даулы мәселелерді (резидентура, қоғамдық денсаулық сақтау, клиникалық базалар, ППҚ сақтандыруы) келесі отырыстарда қосымша талқылауға шығару.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша

ТЫНДАЛДЫ: Медициналық кадрларды даярлау моделін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы ақпарат.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР:

Іс-шаралар жоспары **2025 жылғы 31 желтоқсанда** жоғары оқу орындарына жолданған. Онда МЖМБС пен үлгілік оқу жоспарларын, бакалавриат, интернатура, резидентура және магистратура бағдарламаларын, сондай-ақ заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қайта қарау көзделген. Сонымен қатар оқыту құнын есептеу әдістемелері, өткізу қабілеті, квоталау, тәлімгерлік қағидалары мен клиникалық базалармен шарттар бойынша жауапты жоғары оқу орындары айқындалған.

Талқылау барысында мерзімдерді үйлестіру және жоғары оқу орындары арасындағы өзара іс-қимылды күшейту қажеттілігі атап өтілді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Іс-шаралар жоспарының жұмыс сипатын бекітіп, оны келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып жетілдіру.
2. Медициналық жоғары оқу орындарының академиялық жұмыс жөніндегі проректорларына Жоспардың іске асырылуын жеке бақылауға алу және профильдік мамандардың жұмыс топтарына қатысуын қамтамасыз ету тапсырылсын.
3. Нормативтік құжаттар жобаларын дайын болуына қарай кезең-кезеңімен қарастыру ұсынылсын.
4. Жоғары білім беру секциясының келесі отырысын **2026 жылғы 22 қаңтарға** (материалдардың дайын болуына қарай) белгілеу.

Төраға:
Хатшы:



А.К. Досанова
А.Р. Шакеева